


# Дөңгелек үстел

*«Менің мамандығым  
– менің болашағым»*

*№26 жалпы білім беретін мектептің  
информатика пәні мұғалімі  
Жиенбаева Әлия Нәсілжанқызы  
Умбеталиева Самал Бармешқызы*



*Ісім оңсын десеңіз,  
Сол істің маманы болыңыз.  
Даңқым шықсын десеңіз,  
Көпшіліктің адамы болыңыз.*

*Әл - Фараби*

The background of the slide features a close-up photograph of several vibrant pink roses with green leaves. The roses are in various stages of bloom, with some fully open and others as buds. The lighting is soft, highlighting the delicate texture of the petals.

## Мақсаты:

- «Мамандық» құндылығы туралы түсініктерді кеңейту. Мамандық таңдау, оның нәтижесіндегі еңбек қуанышы туралы ұғым беру.

## Міндеттері:

- мамандық таңдаудың негізгі шарттарын таныту.
- Мамандық таңдауда оң шешім қабылдауға, еңбек қуанышын сезінуге, өзінің бойындағы қасиетін тануға жетелеу.
- Еңбекқорлыққа, еңбекті қадірлей білуге, табысты болуға тәрбиелеу.



# Ойланайық, пікірлесейік

## Мамандық дегеніміз не?

- Кәсіп
- Сүйікті іс
- Шығармашылық
- Қызығушылық
- Еңбек көзі

# Мамандық дегеніміз не?

Оқушылардың пікірлері сұралады.

- - Біздің болашағымыз – біздің мамандығымызда;
- - адамның болашаққа апаратын жолы;
- - адамның алдағы уақытқа қойған мақсатының бірі;
- - мамандық бойынша адам жұмыс істейді;
- - оқуды бітіргеннен кейін таңдайтын мамандық;
- - ол белгілі бір кәсіпке ие болу бейіндігі, ұнату, таңдау, арманыңды іске асыру;
- - мамандық сөзі ол жұмыспен сипатталады;
- - келешекке қойған жоспары, мамандығын ойдағыдай бітірсе, игерсе сол
- - адам жаны қалаған қабілеті бар кәсіпкерлік жұмыспен айналысады.

# Әңгімелесу

- Адам өз мамандығын таңдаған кезде, нені басшылыққа алу керек деп ойлайсыңдар?
- жақсы маман болуы үшін адам нені білуі және нені үйренуі қажет?
- Сен қандай маман болуды армандайсың? Неліктен?
- Адам өзін белгілі бір мамандыққа қашан, қалай дайындауы керек деп ойлайсыңдар?
- Адам бірнеше мамандықты меңгерсе, оның өмірі қандай болады деп ойлайсыңдар?
- Қай уақытта адам өз еңбегінің жемісін көре алады?

# Жаңа ақпарат

- **Мамандық** - қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Әлемде 40 мыңға жуық әр түрлі мамандықтар бар. Статисттердің зерттеуі бойынша жыл сайын 25 млн адам өзінің жұмыс орнын ауыстырып, оның 12 %-і қайтадан өз орнына қайтып оралады екен. Бұдан мамандықты таңдауда әр маман қателесіпті деуге бола ма? Әлде өзінің болашақтағы профессионалды қызметіне жан - жақты дайындалу керек шығар? Қоғамға, адамдарға пайдасын тигізетін мамандықтарды қалай таңдауға болады? Мамандық таңдау жасөспірім шақтағы ең маңызды шешімдердің бірі. Үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жас ұланның алдында мыңдаған мамандықтан өзіне лайықты біреуін таңдау міндеті тұрады. Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез - келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың жолы ғана емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе. Кейбір жастар мамандық таңдау ережесін білмегендіктен өзі қызықпайтын мамандықты таңдайды. Осыдан өз мамандығына қанағаттанбаушылық, реніш сезімдері болып, тіпті алдарына жоспар да құрғысы келмейді. Әрбір адам өзін - өзі дамыта алу үшін білім алып, сол біліміне сай мамандыққа машықтану керек

- Мамандық таңдау - өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы - адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өз ісіне сенімді, дұрыс таңдау жасаған адам ғана жетістікке жетеді. Өзінің сұранысын, қызығушылығын жоймаған кең тараған мамандықтарға дәрігер, мұғалім және құрылысшы мамандықтарын атап өтуге болады. Ал, өзекті мамандықтар қатарына жоғары технология, байланыс, коммуникация, әлеуметтік орта, экономиканы басқару мамандықтары және еңбек сұранысына қажетті жаңа мамандықтар жатады. Қоғамның дамуында мамандық иелерінен жоғары кәсіби біліктілікті, коммуникативтік қабілетті, еңбек етуге деген сүйіспеншілікті, қызығушылықты, өз мамандығы бойынша біліктілігін арттыруға даяр болатын мамандық иесін талап етеді. Сондықтан икемі, қызығуы, бейімі бар мамандықты таңдай білу, өзіне, қоғамға тигізетін пайдасын ойлау, мұндай еңбектен шабыт туатыны, ол өнімді еңбекке ұласып, табыс әкелетінін білу керек.





# Дәйексөз

*«Егер мамандықты таңдап алуда сіздің жолыңыз болса және осы жолда өміріңізді сарп ететін болсаңыз, онда сіз бақытты болғаныңыз»*

*К. Д. Ушинский*

# «Мамандық таңдау - жүрек қалауы» бөлімі

Бұл бөлімде оқушылар сабаққа қонақ ретінде шақырылып өз өмір тәжірибелерімен бөлісуге, өз мамандықтарының қыр - сырын түсіндіріп бағыт - бағдар беруге келген қонақтардың өз мамандықтары туралы ой - пікірін тыңдайды.